

## ЖБҚ МКҚК «Арай» бөбекжайының «Қарлығаш» ересек тобының Ата-аналар жиналысының хаттамасы

«Қарлығаш» тобындағы ата - ана жиналысының №1 Хаттамасы

Қатысқан ата - аналар саны: 14

Қатыспағандар: 5

Күн тәртібінде:

1. 2023 - 2024 жаңа оқу жылының іс - жоспарымен танысу.

2. Ата - аналар комитетін қайта сайлау.

3. ЖБҚ МКҚК «Арай» бөбекжайы «ҚАРЛЫҒАШ» ересек тобы тәрбиеші Жусупова Гаухар Турдыгуловна «Тәрбиенің тамаша мектебі - Отбасы» атты баяндама оқылды.

4. Әр түрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша топ тәрбиеші Досатова Раушан Шаңытбайқызы жаңа оқу жылының іс - жоспарымен таныстырып өтті. Балалармен мектепке дейінгі білім беру стандарты бойынша жұмыстар атқарылатынын атап өтті.

Шешім: 2023 - 2024 оқу жылының іс - жоспары қанағаттандарылсын. Жауаптылар: Досатова Раушан мен Жусупова Гаухар.

Мерзімі: Келесі ата - аналар жиналысына дейін

Екінші мәселе бойынша ата - аналар комитетін қайта сайлауға ұсыныс тастады. Ата - ана Нурлыбекова Андыз сөз кезегін алып Саубетова Ляззат апайды сайлауға ұсыныс тастады. Мүшелері: Абилкасімова Сымбат пен Сәтенова Азиза ата - аналар комитетінің мүшесі болып сайланды. Ата - аналар бір ауыздан келісіп сайлады.

Шешімі: ата - аналар комитетінің төрағасы Саубетова Ляззат мүшелері болып Абилкасімова Сымбат пен Сәенова Азиза сайлансын.

Жауапты: ата - аналар комитетінің төрайымы мен мүшелері.

Мерзімі: келесі ата - ана жиналысына дейін.

Үшінші мәселе бойынша ЖБҚ МКҚК «Арай» бөбекжайы «ҚАРЛЫҒАШ» ересек тобы тәрбиеші Жусупова Гаухар Турдыгуловна «Тәрбиенің тамаша мектебі - Отбасы» атты баяндама оқылды. Болашағымыз балалар олардың жауапкершілігі біздің қолымызда. Сол үшін болашағымыз туралы ойланатын мәселе бойынша тақырып қозғады.

Шешімі: Баяндама бір ауыздан мақұлдансын.

Жауаптылар: ата - аналар мен тәрбиешілері.

Мерзімі: келесі ата - аналар жиналысына дейін.

Төртінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері күн тәртібімен таныстырып, күнделікті ұйымдастырылған іс – әрекет жоспарларымен таныстырды. Балаларға керекті құралдар туралы айтылып, түгендеп әкелулері сұралды. Балалардың тазалығын, балабақшадан себепсіз калдырмай, кешікпей келуін, төлемақысын уақытылы төлеуін айтып өтті.

Шешімі: «Қарлығаш» тобындағы кезекті ата - аналар жиналысы қаралған мәселелерді бір ауыздан мақұлдады

Жауаптылар: барлық ата - аналар мен топ тәрбиешілері.

Мерзімі: келесі ата - аналар жиналысына дейін. «Қарлығаш» тобының балаларының жаңа оқу жылына толық дайындықпен қатыссын.

Дауыс беру нәтижесі: «ия»